„Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ 2024 жылдың 29 наурыз күні сағат 15:00-де өткен кезектен тыс „Қазіргі қоғамда әлеуметтік бейімделу және табысқа жету үшін тәрбие ортасын құру, оқушылардың адамзаттық, патриоттық сезімін қалыптастыру" тақырыбындағы педагогикалық кеңестің №4 педагогикалық хаттамасы.

Күн тәртібінде:

1. Білім жолындағы жетістіктері - ұстаз мақтанышы.

Мектеп директоры: А. Молдобаева

2. „Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асырудағы жетістіктер мен міндеттер.

мектеп кітапханашысы: Б. Тохай.

3. III тоқсан қорытындысы, білім сапасының көрсеткіштері мен жетістіктері.

Оқу ісінің меңгерушісі: А. Шайзан
Сынып жетекшілер

4. Аттестация - 2024.

Оқу ісінің меңгерушісі: И. Хуат

5. Әр түрлі сұрақтар

1. Толғаулы

Білім жолындағы жетістіктері - ұстаз мақтанышы тақырыбы бойынша мектеп директоры А. Молдобаева сөз алды:

Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қозғалысы, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер - ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады. В.А. Сухомлинский айтқандай. Мектеп, шәкірт, ұстаз осы үш сөз бір арнаға тоғысқандай. Бұл қаламның басы мен ұшы сияқты, егіз жүректің түсінік. Мектеп пен шәкірт. Ал осы екі ұғымға жан бітіретін құдірет иесі әрине - ұстаз. „Мектеп - білім тірегі, ұстаз оның жүрегі" деген тіркес осы сөздерімнің мәнін ұқтырғандай. Ұстазды ақылдылық пен көрегендіктің бейнесі деп білемін. Ұстаз - зор тұлға ол күннің құдіреті сәулесі іспеттес. Барша шәкірттің тұла бойына білімнің нұрын сыйлай отырып, қаншама жанның жүрегінен орын алатын, өз өмірін өзгенің болашағына арнайтын ақылдың тозбайтын асылы. Бойындағы бар білімі мен ақылы, арман мен мақсаттарын орындай жүріп, шәкірт жүрегіне мәңгі сақталатын бейне де осы - - ұстаздікі. Мұғалімнің бүгіл мақтанышы - шәкірттерінің өсіп өнуінде. Мені талай сын-додаларға әзірлеп өмірде де үлгі-өнеге боп жүрген ұстаздарымдай жандардан тәлім-тәрбие алып жүрген мақтанышым. Д. Ушинскийдің сөзі „Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен - тарихтағы ең ұлы істің бірі" деген дана сөзі ойға келеді. Шынымен де, ұстаз жолы қиын жол. Жан-жағындағы адамдарға қуат беріп, білімнің сар-даласында дамыл таппай, ізденісте жүреді. Себебі, мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда

гана мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыр-
ғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысы-
мен оның мұғалімдігі де жабылары хақ. Ұстаздың
әр міндеті де сол - адамды қалыптастырады. Айта берсек
ұстазға жүктелер міндет те, айтылар теңеу де көп. Десек
те, ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім
ғана өз шәкірттеріне желісті сұрпал жасайтын болады.
Ұстаз еңбегі - ұлы еңбек. Егер әр адамның жүрегінде ізгілік
тамшысы мен бойында қарым-қабілеті болса, ол оны аша
білген мұғалімнің еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің бойына
дарыту үшін мұғалім қаншама тер төкті десеңізші.
Дүниеде адамды тәрбиелеп, адамзат аттандырғаннан
артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?! Оқушының
қандай да бір жеткен жетістігі болса, ол ең әуелі ұстазы-
мен бірлесіп жасаған жұмысының арқасы. „Мектептің
жүрегі", „Бала жанының бағбаны". Иә, бұл мектеп мұға-
лімі - ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мақтауларды
жалғастырсақ, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады.
Ұстаз мектептің жүрегі іспеттес. Өйткені, олар әрбір
баланы жете зерттеп, олардың алда қандай маман
болатынына бағдар жасаушы, бәйгеге ат қосатын атбегі
сияқты. Ұстаздар жайында қазақ халқының батыр ұлы
Бауыржан Момышұлы атамыз „Ұстаздық - ұлы құрмет.
Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың
басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егін-
шісін де, кәсіпшісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ
берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты
тәрбиелейтін ұстаздарды да, солай ардақтауға
міндеттіміз" - деген екен. Олай болса, бала бойына ата-
анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят,
ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам - мұғалім екенін
ұмытпауымыз қажет. Яғни, өз ісіне берілген кез келген
жауапкершілікті жатсынбай қабылдайтын Ұстаз кез-келген

балаға, туған бойындағы барлық адамгершілік пен сүйіспеншілік қасиетін дарыта білуі керек. Шын ұстаз - ұстаз болуды балалық шағынан армандайды. Жүрегімен қозғы бірге жүретін осынау мамандықтың шыңайы иесі болу үшін көп қиындықтардан өтеді. Өмір бір орында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі іздене білімін, біліктілігін арттырып отыру керек екенін ұмытпауымыз керек.

Қаулы:

1.1. Ұстаздардың басты жетістігі мектебіміздің жетістігі. Осы жолда түрлі іс-шараларға белсене қатысу. Жан-жақты даму жолында түрлі еңбектер жүргізілсін.

2. Тыңдалды.

„Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асырудағы жетістіктер мен міндеттер тақырыбында мектеп кітапханашысы Тохай Бақытбек сөз алды.

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ „Оқуға құштар мектеп" жобасын бекіткен болатын. „Оқуға құштар мектеп" жобаны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлары, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енді. Білім берудегі кітап оқуға үйрету міндеттері жағдайын маңызды бағалаумен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды

көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мәдениеті оқушылардың нақты және жаратылыстану ғылымдарын, еңбекке үйрету және дене шынықтыру, сондай-ақ басқа да пәндерді табысты оқып білу үшін міндетті ме? Жауабы анық. Әрине, иә. „Оқу мәдениеті өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы" деген түйін сөз бекер айтылмайды. Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруға үлес қосады. Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзіреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. Оқушының әдеби салада қандай құзіреті болуы керек.

1. Жалпы мәдени - әдеби құзіреттілік - ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде әдебиетті қабылдау.

2. Ғылымдық құндылықтар құзіреттілігі - әдебиетте бейнеленген осы құндылықтарға деген көзқарастарын анықтау және нақтылау мүмкіндігі құндылықтарды түсіну.

3. Оқырман құзіреттілігі - шығармашылық, автор - оқырман диалогына қосыла білуі, кейіпкермен таныса білу, көркем туындысының тіл ерекшеліктерін түсіну.

4. Сөйлеу құзіреттілігі - қазақ әдеби тілінің нормаларын білу, сөйлеу қызметінің негізгі түрлерін меңгеру.

5. Әртүрлі жанрда әдеби шығармашылық жұмыстар жаза білу қабілеті.

Жаңа стандарттарда бастауыштағы оқушының оқу құзіретін қалыптастыру үшін әдеби оқу үйрену басымдық бағыт табылады. Әрине, адамның кітапқа деген қатынасы бастауыш мектеп жасында қалыптасады. Оқуға үйретудің біршама тиімді резервтерін атап айтуға болады:

1. Ұзақтығы емес, жаттығу жұмыстарының жиілігі маңыз-

ды. Бірінші сынып оқушысын кітапты ұзақ уақыт бойы соңына дейін оқуға отырғызып қоюға болмайды. Біріншіден, баланы шаршатып жалықтырады. Екіншіден оның оқуға деген ынтасы жоғалады. 5 минут біреуге бөлікке бөліп оқытса, әлдеқайда жоғары болады.
2. Ызыңдап оқу. Ызыңдап оқу дегеніміз - бұл бір мезгілде дауыстап сыныптастарына кедергі келтірмес үшін күбірлеп, әрқайсысы өз жылдамдығымен, біреуі жылдам, біреуі баяу барлық оқушылардың оқуы. Әрбір баламен 2 минуттай жұмыс жасай алады.
3. Әр сабақ сайын бес минуттық оқу.
4. Ұйықтар алдындағы оқу. Бұл жақсы нәтиже береді. Өйткені соңғы оқиғалар эмоционалды есте сақталып қалады, яғни адам ұйықтағанда, 8 сағат бойы сол әсер етеді.

Қаулы:

2.1 Кітап оқу - бұл білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және әлеуметтік қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. Осы жолда алдағы уақытта „Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушылардың қызығушылығын арттыратын жұмыстар жүргізілсін.

3. Тыңдалды.

III тоқсан қорытындысы, білім сапасының көрсеткіштері мен жетістіктері бойынша сынып жетекшілер сөз алды.

Мектепалды „А" даярлық сыныптың жетекшісі Жанарбек Шолпан сөйледі:

„А" даярлық тобында барлығы 17 оқушы бар. 9 ұл, 8 қыз бала. Сыныптың үлгерімі 88%, білім сапасы 60%. Екі оқушының сабаққа қатысуы нашар.

„Ә" дарлық тобында барлығы 17 оқушы бар. 11 ұл, 6 қыз бала. Сыныптың үлгерімі 100%, білім сапасы

1 сынып жетекшісі Бергенбай Майгуль сөз алды. Сыныпта барлығы 22 оқушы бар. қыз, ұл бала. Оқушылар еркін жаза алады. Есептерді шығара алады. Білім сапасы
2 „А" сынып жетекшісі Ожай Лиза сөз алды:
Сыныпта 14 оқушы бар. 7 қыз, 7 ұл бала. Озат оқушы екпінді оқушы . Сапа: , Үлгерімі 100%
2 „Ә" сынып жетекшісі Майт Серікгүл сөз алды:
Сыныпта 14 оқушы бар. 6 қыз, 8 ұл бала. Озат оқушылар , екпінді Сапа: , Үлгерімі: 100%
3 „А" сынып жетекшісі Ходархан Майра сөз алды:
Сыныпта 15 оқушы бар. 8 қыз, 7 ұл бала. Озат оқушы екпінді . Сапа: , Үлгерімі: 100%
3 „Ә" сынып жетекшісі Ходархан Майра, Ержиба Иман сөз алды.
Сыныпта 15 оқушы бар. 7 қыз, 8 ұл бала. Озат , екпінді Сапа: , Үлгерімі: 100%
4 „А" сынып жетекшісі Иманқызы Құлбат сөз алды.
Сыныпта 15 оқушы бар. 7 қыз, 8 ұл бала. Озат оқушылар саны 6, екпінді 4. Сапа 66,67% ; Үлгерімі: 100%
4 „Ә" сынып жетекшісі Тохай Бақытбек сөз алды;
Сыныпта 15 оқушы бар. 8 қыз, 7 ұл бала. Озат оқушылар саны 7, екпінді 3. Білім сапасы 66,67%, Үлгерімі 100%
5 сынып жетекшісі Жеңіс Сапаргүл сөз алды:
Сыныпта 22 оқушы бар. 12 ұл, 10 қыз бала. Озат оқушылар саны 6 екпінді 5, Білім сапасы 50% Үлгерімі 100%
6 „А" сынып жетекшісі Қанафина Жанние сөз алды:
Сыныпта 18 оқушы бар. 8 қыз, 10 ұл бала. Озат 4, екпінді 7. Сапа: 67%, Үлгерімі 100%
6 „Ә" сынып жетекшісі Алпамыс Сусар сөз алды;
Сыныпта 17 оқушы бар. 8 қыз, 9 ұл бала. Озат оқушылар саны 5, екпінді 2. Сапа 41% Үлгерімі 100%
7 сынып жетекшісі Хуат Шнар сөз алды:
Сыныпта 24 оқушы бар. 12 ұл, 12 қыз бала. Озат оқушылар

6, екпінді 6. Сапа: 50%, Үлгерімі 100%.
8 сынып жетекшісі Базеу Бақытты сөз алды:
Сыныпта 20 оқушы бар. 14 қыз, 6 ұл бала. Озат оқушылар саны 1, екпінділер 11 бала. Білім сапасы 60%, Үлгерімі: 100%.
9 „А" сынып жетекшісі Дайрова Жанат сөз алды:
Сыныпта 15 оқушы бар. 8 қыз, 7 ұл бала. Озат 1, екпінді 8. Сапа: 60%, Үлгерімі 100%.
9 „Ә" сынып жетекшісі Халат Айгүл сөз алды.
Сыныпта 13 оқушы бар. 7 қыз, 6 ұл бала. Озат оқушы 1, екпінділер саны 5. Білім сапасы 46%, Үлгерімі 100%.
10 сынып жетекшісі Нәзи Ақжол Сейдеуұлы сөз алды.
Сыныпта 5 оқушы бар. 3 қыз, 2 ұл бала. Озат оқушылар 1, екпінді 1 оқушы. Білім сапасы 40%, Үлгерімі 100%.
11 сынып жетекшісі Жантаева Мейрамгүль сөз алды. Сыныпта 13 оқушы бар. 7 қыз, 6 ұл бала. Озат оқушылар саны 5, екпінді 6 оқушы. Білім сапасы: 85%, Үлгерімі 100%.

Қаулы:

3.1. III тоқсанның қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Келесі тоқсанда мектептің жалпы білім сапасы 5% көтерілсін.

4. Тыңдалды.

Аттестат - алым жол бойынша оқу ісінің меңгерушісі Хуат Инкар сөз алды.

Аттестаттауға жіберу үшін білім беру ұйымы педагогтердің, әдіскерлердің білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының біліктілік бағалауын портфолионы қарау арқылы жүргізеді. Педагогтер, әдіскерлер, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылары, басшысы орынбасарларының біліктілік бағалауын басшы орынбасарлары электрондық форматта ПББ-дан өтеді.

Аттестаттау кезеңі - біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы. Педагогтер кезекті аттестаттауда жылына 1 (бір) рет-тейін, 1 (бір) рет - білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен салаға сәйкес ақылы негізде. Мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагогтер жылына 1 (бір) рет-тейін; Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібі.

1) білім беру ұйымдарында: „педагог - модератор";

2) ауданның (қаланың), облыстың маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында: „педагог - сарапшы", „үшінші санаттағы басшының орынбасары", „екінші санаттағы басшының орынбасары", үшінші санаттағы басшы", „екінші санаттағы басшы".

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында; „Педагог - зерттеуші", „педагог - шебер" (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін, бірінші санаттағы басшының орынбасары", „бірінші санаттағы басшы".

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан: „Педагог - шебер";

Ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік органның ұйымдары үшін: педагог - сарапшы, педагог - зерттеуші, үшінші санаттағы басшының орынбасары, үшінші санаттағы басшының орынбасары, екінші санаттағы басшының орынбасары, бірінші санаттағы басшының орынбасары: „үшінші санаттағы басшы", екінші санаттағы басшы, бірінші санаттағы басшы";

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта

білім беру педагогтері үшін:
Педагог санаты. „Пәндік білім" - 30 балл, „Оқыту әдістемесі - 20 балл"; Біліктілік тест өту үшін 50%.
Педагог - модератор. „Пәндік білім" - 30 балл, „Оқыту әдістемесі - 20 балл"; Біліктілік тест өту үшін 60%.
Педагог - сарапшы. „Пәндік білім" - 30 балл, „Оқыту әдістемесі - 20 балл", Біліктілік тест өту үшін 70%.
Педагог - зерттеуші; „Пәндік білім" - 30 балл, „Оқыту әдістемесі - 20 балл"; Біліктілік тест өту үшін 80%.
Педагог - шебер. „Пәндік білім" - 30 балл, „Оқыту әдістемесі" - 20 балл; Біліктілік тесттен өту үшін 90%.
Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ мұғалімдерін аттестацияға жіберуді ұсынамын.
Педагог - зерттеуші: Бастауыш сынып мұғалімі Молдобаева Арнагуль Искеновна.
Педагог - зерттеуші: Бастауыш сынып мұғалімі Бергенбай Майгүл.
Педагог - сарапшы (растау); Дүниежүзі тарих пәнінің мұғалімі Амет Естай;
Педагог - сарапшы (растау); Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Дайрова Жанат Балгатаевна.
Педагог - зерттеуші (растау); Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Мукитова Шакира Секбраевна.
Педагог - сарапшы (растау); математика пәнінің мұғалімі Нұрат Ікар.
Педагог - модератор; көркем еңбек пәнінің мұғалімі Асем Жамбал.
Педагог - модератор: мектепалды сынып мұғалімі Жанарбек Шолпан.
Педагог - модератор: музыка пәнінің мұғалімі Жеңіс Сапаргүл.

Педагог-модератор; ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жантаева Мейрамгүль Сарқыткалиевна:
Педагог-модератор: бастауыш сынып мұғалімі Сарсенби Иман:
Педагог-модератор (растау): бастауыш сынып мұғалімі Тохай Бақытбек:
Ожай Лиза - зейнетақыға 4 жыл қалуына байланысты зейнетақыға 5 жылдан аз уақыт қалғандар аттестаттау шарасынан мүлде босатылады. Ол педагогтарға мекеме басшысының бұйрығымен ағымдағы санаты қалдырылады. Тек өз санаты. Зейнетақыға шыққан күнге дейін жарамды.

Қаулы:
4.1. Мұғалімдерді аттестаттан өткізу 2024 жыл туралы осы мұғалімдер А. Молдобаева, Ахмет Естай, Дайрова Жанат Мукитова Шакира Секбраевна, Жуат Шикар, Аси Жамбал, Жанарбек Шолпан, Жеңіс Сапаргүл, Жантаева Мейрамгүль Сарқыткалиевна, Сарсенби Иман, Тохай Бақытбек аттестацияға жіберілсін.
4.2. Бастауыш сынып мұғалімі Ожай Лиза зейнетақыға 4 жыл қалуына байланысты тек өз санатына сақталсын.

Төрағасы А. Молдобаева
Хатшысы Қ. Ишарқызы